- Бұл құрылғы дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тиісті білімі мен тәжірибесі жоқ адамдарға (оның ішінде балаларға) пайдалануға арналмаған; мұндай адамдардың құрылғыны пайдалануына жол берудің шарты : олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның бақылауымен және оның тарапынан құрылғымен жұмыс істеу бойынша нақты нұсқаулар беру .
- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.

"Балалардан бұғаттау" функциясын қосу (42 бет).




1. Құрылғыны қосыңыз.
2. "Су деңгейі" батырмасын 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
3. Дисплейде (🔒) жанады, бұл бұғаттаудың қосылғанын білдіреді.

Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.


Ашаны су қолмен ұстамаңыз.




Қуат баусымын тартпаңыз және баусымды ұстап, ашаны розеткадан шығармаңыз.




Ауыстырғыштар немесе ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.




Аша розеткаға мықтап салынуы керек.



Егер қуат баусымы зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.



Қуат баусымын бұрамаңыз, майыстырмаңыз немесе қыспаңыз.




- Қуат баусымы зақымдалған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, авторландырылған қызмет көрсету орталығы немесе басқа білікті маман ауыстыруы керек.
- Құрылғы таймер сияқты сыртқы коммутациялық құрылғы арқылы қосылмауы керек және автоматты түрде үнемі қосылып-өшетін тізбекке қосылмауы керек.

* Штепсель ашасының түрі белгілі бір елдің немесе аймақтың талаптарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


Сақтық шаралары (жалғасы)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Қуат баусымы зақымдалған немесе құрылғы ақаулы болса, пайдалануды дереу тоқтатып, білікті маманға хабарласыңыз.



Ашада жиналған шаң өртке себеп болуы мүмкін.



Құрылғының талаптарына сәйкес келетін розетканы пайдаланыңыз. Қажет болса розетканы ауыстыру үшін білікті маманға хабарласыңыз.




Ашаны үнемі шаңнан тазартыңыз.



Ашаның жерлендіруші жапсарын розеткаға мықтап қойыңыз.

- Ашаның пішіні, розеткалар және номиналды сипаттамалары аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Жанғыш заттардың жанына қоймаңыз.




Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау судың ағып кетуіне себеп болуы мүмкін.

Қауіпсіздік мақсатта құрылғыны әр пайдаланғаннан кейін су беретін шүмекті жабыңыз.



Жаңа шланг жинақтарын пайдаланыңыз.




- Кір жуу машинасын қосу үшін жинақтағы жаңа шлангтарды пайдаланыңыз. Ескі шлангтарды қолдануға тыйым салынады.


■ Құрғақ кірдің максималды жүктемесін және рұқсат етілетін су қысымын 57 беттен қараңыз.

Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау жарақатқа әкелуі мүмкін.


Саусақтарыңызды қысып алмау үшін абай болыңыз.




Құрылғының үстіне шықпаңыз.



Құрылғы ыстық болған кезде оны ұстамаңыз.



Құрылғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.




- Құрылғыны есігі толығымен ашылатындай етіп орнатыңыз.


Сақтық шаралары (жалғасы)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау құрылғының зақымдалуына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.


Жылу көздерінің жанына және тікелей күн сәулесінің астында орналастырмаңыз.





- Құрылғының төменгі жағындағы желдеткіш саңылауларды кілеммен немесе басқа заттармен жабуға болмайды.


Бірінші рет қолданар алдында тасымалдау бұрандамаларын шешу керек




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ыстық сумен жабдықтау желісіне қоспаңыз.



Құрылғының конструкциясын өз бетінше бөлшектеуге, жөндеуге немесе өзгертуге тыйым салынады.




Құрылғыны тек кір жуу машинасында жууға жарамды киімдер үшін пайдаланыңыз.



Құрылғы тек үйде қолдануға арналған.

- Коммерциялық немесе қоғамдық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

Өсімдік майымен немесе жануар майымен қатты ластанған заттарды жууға болмайды.




Кір кондиционерлерін және оларға ұқсас құралдарды олардың нұсқаулықтарына сай пайдаланыңыз.



- Кірге арналған кондиционерлер мен оларға ұқсас құралдарды қаптамасындағы нұсқауларға сәйкес қатаң түрде пайдаланыңыз.

Бөлшектердің атаулары



*Штепсель ашасының түрі белгілі бір елдің немесе аймақтың талаптарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Аксессуарлар

☐ Ағызу шлангысының бекіткіші (17 бет)




☐ Сомын кілті (14 бет)




☐ Бітеуіштер (4 д.) (13 бет)



☐ Құю шлангысы (15-17 бб.)



☐ Төменгі қорғаныс панелі (11-12 бб.)



Орнату орнын таңдау




Орнатуды білікті маман орындауы керек.

- Құрылғыны өз бетіңізше қоспаңыз.
- Көрсетілген орнату тәсілін ұстаныңыз.
  Әйтпесе, Panasonic компаниясы жабдықтың зақымдануы немесе келтірілген зиян үшін жауап бере алмайды.


Кір жуу машинасының габариттері

(мм)



Құрылғыны кірістіру

- Төмендегі суретте көрсетілгендей, қажетті бос орындарды қалдырыңыз.




- Құрылғыны орнатқан кезде электр розеткасы мен ашаға ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының металл элементтерінің металл заттармен немесе басқа құрылғылардың корпустарымен жанасуына жол бермеңіз.


Орнату орнының талаптарға сай келетініне көз жеткізіңіз



- Құрылғыны су шашырауы, жаңбыр тамшылары және т. б. болуы мүмкін жерлерде орнатпаңыз. Құрылғыны тек құрғақ бөлмелерде орнатуға рұқсат етіледі.


- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары жерлерде және жылу көздерінің жанында орнатпаңыз.






- Құрылғыны тегіс емес, тұрақсыз немесе жылжымалы жерлерге орнатпаңыз.

- Құрылғыны су қатып қалуы мүмкін жерлерде орнатудан аулақ болыңыз. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.



Жылжыту және орнату


Құрылғыны тасымалдау



- Құрылғыны жалғыз көтеріп жүрмеңіз.
- Кір жуу машинасын алдыңғы аяқтар тұсында және қақпақтың артқы шығыңқы жерінен ұстап жылжытыңыз.
- Құрылғыны есік тығыздағышынан немесе басқару панелінің төменгі жағынан ұстап тасымалдамаңыз.


Төменгі панельді орнату

1




Ескерту:

- Сақ болыңыз. Төменгі панельді тастамаңыз. Ол дұрыс орнату үшін қажет.




2




- Төменгі панельді орнату үшін суретте көрсетілгендей құрылғыны шамамен 30° бұрышқа еңкейтіңіз.

3




- Төменгі панельді құрылғымен қиыстырыңыз.

4




5



- Панельдің алдыңғы және бүйір жақтарын шертпекке дейін бекітіңіз.


Ескерту:


Панельдің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.



Тасымалдау бұрандамаларын алу


1






- Бірінші рет пайдаланар алдында тасымалдау кезінде барабанды бекітетін тасымалдау бұрандамаларын алып тастау керек.
- Құрылғы корпусынан 4 анкер бұрандамасын сомын кілтпен суретте көрсетілгендей бұрап шығарыңыз.

2




- Бұрандаманы бағыттарға қарай бұрап алыңыз.

3



Бітеуіш(4 д.)


- Бұрандамаларды шешкеннен соң, қашықтағы тасымалдау бекіткіштерінің саңылауларына жинақтан алынған бітеуіштерді орнатыңыз.



Ескерту:


- Анкерлі бұрандамаларды тастамаңыз. Оларды қайта пайдалану үшін жинақта сақтаңыз.

■ **Қайта тасымалдау алдында анкерлік бұрандамаларды суретте көрсетілгендей құрылғыға қайта орнатыңыз.**
Бұл тасымалдау кезінде ішкі компоненттерді қорғау үшін қажет.




Кір жуу машинасын түзеу

1




Құрылғының дұрыс орнатылғанын тексеру үшін құрылыс деңгейін пайдаланыңыз (жинаққа кірмейді).

2




- Суретте көрсетілгендей барлық бөгеткіш сомындарды сомын кілтпен босатыңыз.
- Құрылғы орнықты және тегіс тұратындай етіп, аяқтардың биіктігін реттеңіз. Аяқтарды сағат тілінің бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз.

3



- Құрылғының тегіс орнатылғанына көз жеткізіңіз.


4



- Кір жуу машинасы түзу орнатылғаннан кейін, бөгеткіш сомындарды құрылғының корпусына қарай сомын кілтпен тартып қойыңыз.

Ескерту:

- Барлық сомындардың тартылғандығына көз жеткізіңіз.




Шлангтарды қосу

Пайдаланар алдында судың ағып кетпеуі үшін шлангтардың дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.

Шлангтарды мен желілік баусымның максималды қосылу ұзындығына назар аударыңыз.

Оң жақтан қосу




Ескерту:

- Ағызу шлангысын қосудың рұқсат етілетін биіктігін сақтамау (0-100 см) суды ағызу кезінде ақауларды тудыруы мүмкін және құрылғының жұмысында ақауларға әкелуі мүмкін.

Сол жақтан қосу

Барлық көрсетілген өлшемдер сантиметрмен (см) берілген.




Құю шлангысы

Су беру шлангысын қосу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Сомынды мықтап қатайтыңыз.
- Шлангты бұрамаңыз, қыспаңыз, өзгертпеңіз және кеспеңіз.

1




- Шлангты құрылғының артқы панеліндегі су беру келтеқұбырына қосыңыз.

2 Суқұбыр шүмегінің (34") бұрандасы кем дегенде 10 мм-ге шығып тұрғанына көз жеткізіңіз.



- Шлангтың біріктіру сомынын суқұбыр шүмегінің бұрандасына (¾") бұрап, қатайтыңыз.

3




- Суды еркін ағызу үшін су беру шүмегін толығымен ашыңыз.
- Шүмекті толық ашпау қосылыстарда қысымның жеткіліксіз болуын немесе судың ағып кетуі тудыруы мүмкін, бұл шлангтың зақымдалуына немесе судың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Ағызу шлангысы

Ағызу шлангысын үш тәсілмен орнатуға болады:

■ **Құйылысты шұңғылшаға немесе қолжуғышқа жасау.**




- Шлангты сырғанап кетпеу үшін бекітіңіз. Ағызу шлангысының бекіткішін пайдаланыңыз (жинақта бар).
- Шлангтың бекітілгеніне және құлап кетпейтініне көз жеткізіңіз.

Егер су шұңғылшаға төгілсе, судың тез кететініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, келесі мәселелер пайда болуы мүмкін:


- Шұңғылшадан судың асып төгілуі
- Сорғыланған судың кір жуу машинасына қайта түсуі, бұл құрылғының тұрақсыз жұмысына немесе ақауына әкелуі мүмкін.

Құйылысты су ағатын құбырға жасау.




- Ағызу шлангысының ұшын су ағатын құбырдың арнайы тармағына кіргізіңіз.
- Шлангтың құлап кетуіне жол бермеу үшін оны қамытпен бекітіңіз.

Құйылысты ағызу саңылауына (суағарға) жасау



- Шлангты тура ағызу саңылауына қарай бағыттаңыз.
- Судың еркін ағып жатқанына көз жеткізіңіз.

МАҢЫЗДЫ!



Ағызу шлангын орнату кезінде келесі қателіктерге жол бермеңіз:

- Шланг қатты иілмеуі немесе қатты бұралмауы қажет.
- Ұзын көлденең бөліктер болмау қажет, себебі су көп тұрып, бұзылуы мүмкін.
- Шлангтың ұшын суға батырмаңыз.

Алғашқы пайдаланар алдында

Құрылғыны пайдалануға дайындаңыз.


Маңызды!
Құрылғы зауыттан жөнелту алдынан мұқият тексеріледі.
Қалған суды ағызып жіберу үшін бірінші кір жууды киім салмай жасаңыз.

1



- Су беру шүмегін ашыңыз.

2



- Кірді салмаңыз-барабан бос болуы керек.

3



- "Қосу" батырмасын басу арқылы кір жуу машинасын қосыңыз.

4



- "Быстро 25" бағдарламасын таңдаңыз.




5



- «Бастау» батырмасын басыңыз.

Сынамалық іске қосудан кейінгі тексеру


Тестілік циклді өткізгеннен кейін, құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
Егер келесі мәселелер байқалса, көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.


Мәселе	Себебі мен шешімі
Судың ағып кетуі 	Су беру шлангысы дұрыс қосылмаған. Шланг қосылымын тексеріңіз. Суқұбыр шүмегінің (3/4") бұрандасы кем дегенде 10 мм-ге шығып тұрғанына көз жеткізіңіз. 
	• Тасымалдау бұрандамалары алынбаған • Тасымалдау бұрандамаларын алыңыз (12 бет) және құрылғының тұрақты орнатылғанына көз жеткізіңіз. 
Дисплейдегі қате 	Бағдарламаның немесе қосылымның бұзылуы. "Қателер дисплейі" бөлімін қараңыз (55 бет).

Кір жуу алдында


Кірді дайындау

Кір жуу алдында тексеру







- Қалтада бөгде заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Мата немесе барабанды зақымдауы мүмкін аксессуарлар мен бөлшектерді алып тастаңыз.




- Түймелерді, сыдырмаларды және басқа түймеліктерді бекітіңіз.



- Түйіртпектерді түзуге бейім заттарды ішке қарай аударып салыңыз.




- Киімді жүннен, түктен, жіптерден және басқа ластанулардан тазалаңыз.




- Шатаспау үшін белдік, ұзын таспаларды, бауларды және т.б. байлаңыз.



- Бір рет пайдаланылатын жөргектер мен басқа да қағаз бұйымдарды жууға тыйым салынады.




- Киімдегі күтім жасау бойынша затбелгілерімен танысыңыз.




- Қатты ластанған жерлерді өңдеңіз.

Кірді сұрыптаңыз



- Ақ кірді боялудан сақтау үшін түсті кірден бөлек жуыңыз.

Нәзік заттар мен ұсақ заттарды жуу үшін арнайы торларды қолданыңыз



- Тор шамадан тыс толтырылмауы керек.

Басқару панелі

Басқару элементтері



Құрылғыны қосу және өшіру

Бағдарламаны іске қосу немесе тоқтата тұру

Blue Ag+ Антибактериалды өңдеу (40-41 бб.)

Кейінге қалдырылған бастау (39 бет)


Бағдарламаны таңдау (32-35 бб.)

Кір жуу температурасын таңдау (38 бет)

Балалардан бұғаттау (42 б.) (батырманы 5 секунд бойы басып тұрыңыз)

Басқару панелінің жұмыс ұстанымы

- Сенсорлық басқару батырмалары (сыйымдылық). Батырмаларды тек саусағыңызбен басыңыз.
- Өткір заттарды (мысалы, қаламдар, қарындаштар) пайдаланбаңыз. Бұл панельдің бетін зақымдауы мүмкін.
- Қолғаппен баспаңыз, өйткені қолғап материалы жанасуды дұрыс айырып тануға кедергі келтіреді.



Егер басқару панеліне су, жуғыш зат немесе кондиционер тиіп кетсе:

1. Құрылғыны қуат батырмасы арқылы дереу өшіріңіз.
2. Сұйықтық қалдықтарын кетіру үшін панельді жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Әйтпесе бұл жарамсыздыққа әкелуі мүмкін.

Дисплей

Таңдалған кір жуу бағдарламасы көрсетіледі

Таңдалған кір жуу бағдарламасы көрсетіледі



Бағдарлама аяқталғанға дейін қалған уақыт көрсетіледі
(Мысалы,
1: 15 = 1 сағат 15 минут.)



Таңдалған температура көрсетіледі
(Мысалы, 30°C)



Қате коды көрсетіледі
(55 бет)



(мысалы, U11)

( ) индикаторы жанып тұр:
Кейінге қалдырылған бастау таймері орнатылған.

( ) индикаторы жанып тұр:
Есік пен басқару үстелі бұғатталған.

( ) индикаторы жанып тұр:
Есік бұғатталған

( ) Blue Ag+ жанып тұр:
Антибактериалды өңдеу функциясы қосылды

( ) ActiveFoam жанып тұр:
ActiveFoam функциясы қосылды


- Құрылғыны өшіру үшін қуат батырмасын басып, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
  Қайта қосу үшін қуат батырмасын басыңыз.
- Егер құрылғы қосылған соң 10 минут ішінде басқару панелін пайдаланбасаңыз, құрылғы автоматты түрде өшеді.
  ➠ Құрылғы электр қуаты өшкен/істен шыққан кезде өз жұмысын тоқтатады. Қуат қалпына келтірілген соң бағдарлама автоматты түрде қалпына келмейді. Жұмысты жалғастыру үшін құрылғыны қосып, бағдарламаны қайта іске қосыңыз.


Кір жуғыш заттарды пайдалану

Жуғыш зат

Құрылғының оңтайлы жұмыс істеуі үшін көбіктүзгіштігі төмен құралдарды пайдалану ұсынылады.

- Кір жуу ұнтағын тек құрғақ бөлімге салыңыз, кір жуғыш зат кесексіз болу керек.








Кондиционер




- Тек сұйық кондиционерлі пайдаланыңыз.
- Қоюланған немесе бөлініп қалған кондиционерді қоспаңыз.
- Қойылтылған кондиционерді алдын ала сумен сұйылту қажет.






Ескерту:

Бағдарламаны іске қосу алдында жуғыш заттар бөлігінің жабылғанына көз жеткізіңіз. Бөлік ашық болса, "Бастау" батырмасын баспаңыз.



Ескертпелер:


- Сіз тұрмыстық автоматты жуғыш машиналарына арналған кез келген жуғыш заттарды пайдалана аласыз.
- Қолдану және мөлшерлеу бойынша өндірушінің нұсқауларын міндетті түрде орындаңыз.
- Капсулаларды және суда баяу еритін басқа заттарды тікелей бара-банға салыңыз.
- Жуғыш заттар бөлігіне салмаңыз. Бұл судың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.



Кір кондиционері



- Құрал соңғы шаю кезінде автоматты түрде қосылады.
  ※Кондиционер бөлігінің қақпағы дұрыс орнатылуы керек, әйтпесе кондиционер дұрыс құйылмайды.
- Кондиционерді қосқанда «MAX» белгісінен асырып құймаңыз.



Кір жуу



1 Тиісті бөліктерді сұйық кір жуғыш құралмен және кондиционермен толтырыңыз.
Кірді бакке салыңыз.

2 Кір жуу машинасын қосыңыз.


3 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
Керекті бағдарламаны таңдау үшін '◀' '▶' батырмаларын пайдаланыңыз.

Қажет болса қосымша параметрлерді реттеңіз (38-41 бб.)


4 Кір жууды бастаңыз
(▶ II) Батырмасын басыңыз
Есік бұғатталды, кір жуу бағдарламасы іске қосылады.

Ескертпелер:

■ **Кірдің есік пен нығыздағыштың арасында қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.**




■ **Нұсқаулықта көрсетілген барабанның рұқсат етілетін жүктемесін сақтаңыз.**



■ Кір жуу бағдарламасы кезінде кір қосу

Басқару панелінде (🔒) белгісі жанғанша кез келген уақытта кірді қосуға немесе алуға болады.



1 (▶ II) батырмасын басыңыз.
Бағдарлама тоқтатылады.
Максималды күту уақыты-1 минут.

2 Есіктің бұғаттау индикаторы сөнгенін күтіңіз.
(Құлыптың ашылғанын білдіретін өзіне тән шертпегі естіледі.)
Енді есікті ашуға болады.

3 Есікті ашып, кірді қосыңыз немесе алыңыз.

4 Есікті жабыңыз.


5 Кір жууды жалғастыру үшін (▶ II) батырмасын басыңыз.

Ескертпелер:

- Егер есік ашылмаса, "Ақаулықтарды іздеу және жою бөлімін" қараңыз (51 бет).



1



Дайындау


1. Суқұбыр шүмегін ашыңыз.
2. Кірді барабанға салыңыз.
3. Есікті жабыңыз.
4. Тиісті бөлімдерге жуғыш зат пен кондиционер қосыңыз.

2



Кір жуу машинасын қосыңыз.

3



Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз Ыңғайлы бағдарламаны таңдау үшін '◀' '▶' батырмаларын пайдаланыңыз (32-35 бб.).

■ **Қажет болса қосымша параметрлерді реттеңіз** (38-41 **бб.қараңыз**).

Қосымша параметрлер

Темп.
Кір жуу температурасын таңдау (38 бет)

Отл.старт
Кейінге қалдырылған бастау (39 бет)

Ag+ Blue Ag+
Антибактериалды өңдеу (40-41 бб.)

4



(▶ II) батырмасын басыңыз.




Құрылғы өлшеу қарастырылмаған бағдарламаларды есепке алмағанда, кірдің мөлшерін өлшейді (≈30 секунд) (32-33 бб.).

(30 сек.)




Дисплейде бағдарламаның реттелген орындалу уақыты көрсетіледі.



Кір жуудың басталғанын растайтын дабыл естіледі.

5




- Жуу аяқталған соң есікті ашыңыз.
- Кірді алыңыз.

Бағдарламалардың сипаттамасы

Бағдарлама	Сипаттама	Макс. жүктеу (кг)	Ұзақтығы
Смешан. ткани	• Әр түрлі маталардан жасалған күнделікті киімдер үшін. 	10,5	1:14-1:34
ECONAVI	• Энергия мен суды үнемдеу үшін жуу параметрлерін оңтайландыру. • Әртүрлі маталардан жасалған киімдер үшін. 	10,5	1:18-2:23
Быстро 25	• Аздап ластанған кірдің шағын мөлшері үшін. 	3,0	0:25
Спортивная	• Қатты ластанған және тер іздері бар спорттық киімдер үшін. 	3,0	1:21
Отжим	• Кір жуудан кейін кірді сығу. 	10,5	0:10
Самоочистка	• Барабанды тазалау. 	–	3:36

- Бағдарламаның жалпы уақыты стандартты су беру (15 л/мин) және әрбір бағдарлама үшін әдепкі бекітілген температура негізінде шамамен көрсетілген.
- Кестеде кір жуудың оңтайлы сапасы қамтамасыз етілетін максималды жүктемесі көрсетілген.
  Егер нақты жүктелім көрсетілген мәннен асып кетсе, бағдарламаның уақыты мен жуу сапасы өзгеруі мүмкін.

Бағдарлама	Сипаттама	Макс. жүктеу (кг)	Ұзақтығы
Гипоаллергенная	• Сезімтал теріге арналған өнімдерге жұмсақ күтім және мұқият шаюды қамтамасыз етеді. 	5,0	1:38
Детское белье	• Сәбилердің киімі, тұрмыстық заттары және тоқыма бұйымдарына арналған. Ластануларды тиімді жоюды және үй шаңына тән кенелерді қоса алғанда, аллергендердің мөлшерін азайтуды қамтамасыз етеді. 	10,5	1:43-2:48
Удаление пятен	• Қатты ластанған кірді, соның ішінде жейделердің жағалары мен манжеттердегі кірді кетіру үшін. 	4,0	1:47
Деликатная	• Мұқият күтіп ұстауды қажет ететін маталар үшін. 	2,0	0:41
Рубашки	• Жейделер мен блузкалар үшін. 	2,0	1:11
Хлопок	• Синтетикалық талшықтар қосылған мақта, зығыр және аралас маталардан жасалған бұйымдар үшін. 	10,5	0:47-0:57

Бағдарламалардың сипаттамасы

Баптаулар / Бағдарлама	Әдепкі баптаулар	Баптаулар диапазоны
	Температура (°C)	Температура (°C)
Смешанные ткани	40	Суық, 30, 40
ECONAVI	30	30
Быстро 25	Суық	Суық
Спортивная	Суық	Суық, 30
Отжим	—	—
Самоочистка	40	40
Гипоаллергенная	60	60
Детское белье	95	60, 95
Удаление пятен	40	Суық, 30, 40
Деликатная	30	Суық, 30, 40
Рубашки	40	Суық, 30, 40, 50, 60
Хлопок	30	Суық, 30, 40, 50, 60

Ескерту:

Судың нақты температурасы бағдарламаның мәлімделген температурасынан өзгеше болуы мүмкін.
Кір жуу температурасы мен тиімділігіне келесі факторлар әсер етеді:

- судың қысымы мен кермектігі;
- кіреберістегі судың температурасы және қоршаған ортаның температурасы;
- жүктелімнің түрі мен мөлшері, ластану дәрежесі;
- қолданылатын жуғыш зат;
- желідегі кернеудің ауытқуы;
- таңдалған қосымша опциялар.


	Қолжетімді функциялар		
	Кейінге қалдырылған бастау	ActiveFoam*1	Blue Ag+
	✓	✓	✓
	✓	✓	✓
	✓	✓	—
	✓	✓	✓
	—	—	—
	—	—	—
	✓	—	✓
	✓	—	✓
	✓	✓	✓
	—	—	✓
	✓	✓	✓
	✓	✓	✓

- *1:ActiveFoam System функциясы автоматты түрде іске қосылады және оны пайдаланушы өзгерте алмайды.

Кір жуу бойынша ұсыныстар

ECONAVI

- Оңтайлы жуу параметрлерін автоматты түрде орнату.



- Салмақ және температура бергіштері электр энергиясын, суды және жуу уақытын үнемдеу үшін жуу параметрлерін автоматты түрде оңтайландырады.

Нәзік

Ескертпелер:


Ағартқышты қолданбаңыз.



Нәзік маталар үшін сұйық жуғыш затты қолдану ұсынылады.



■ Деформация мен иленудің алдын алу үшін бағдарлама аяқталған соң барабаннан лезде кірді алыңыз.



Төсек-орын жабдықтарын жуу

■ **Жуу алдында өнімнің жапсырмасындағы ақпаратпен танысып шығыңыз.**
Машинада кір жууға рұқсат етілгеніне көз жеткізіңіз.

● Машинада жуу ● Қолмен жуу

Кір жуу алдында бұйымның құрамын тексеріңіз.




Жаймаларды, жамылғыларды, матрасқаптарды және көрпелерді жууға рұқсат етіледі.

■ **Мынадай бұйымдарды жууға жол берілмейді:**




Электрлік көрпелер




Жүннен жасалған бұйымдар | Жібектен жасалған бұйымдар | Ұзын түкті бұйымдар | Жасанды теріден жасалған бұйымдар

Ескерту:




- Бір уақытта бір бұйымды жүктеп салыңыз.

■ **Көрпелер мен жамылғыларды жуған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.**




- Көрпені ұзынынан бүктеңіз, содан кейін тағы да бүктеңіз.



- Ұзынынан бүктелген көрпені қабат-қабат етіп барабанға орналастырыңыз.

Ескерту:



- Бұйымды екі ұшы да барабанның ішіне қаратылатындай етіп салу керек.



- Көрпені немесе төсек жапқышты орамға орап, мыжып алмаңыз. Бұл шамадан тыс дірілдің себебі болуы мүмкін.

Бағдарлама баптауларын өзгерту


- Кірді сұрыптап, барабанға салыңыз (21 бет).
- Жуғыш затты қосыңыз (26 бет).

1 Құрылғыны қосыңыз.

2 

Бағдарламаны таңдаңыз (32-33 бб.).

3 **Қажет болса, бағдарлама баптауларын өзгертіңіз.**



Температура

Кейінге қалдырылған бастау

- Қолжетімді параметрлер және баптаулар диапазондары таңдалған бағдарламаға байланысты болады (32-33 бб.)
- Қолжетімді болмаған опцияны таңдаған кезде дабыл естіледі.

4  "Бастау" батырмасын басыңыз.

Температура


Кір жуу температурасын матаның түрі мен ластану дәрежесіне қарай өзгертуге болады.



Төмен Жоғары

■ **Рекомендации:**


Төмен температура	Жоғары температура
● Түрлі-түсті кір 	● Ақ түсті кір 
● Аздап ластанған киімдер 	● Қатты ластанған киімдер 
● Апшуға бейім маталар	● Мақта мата

3 

Әрқашан өнімнің жапсырмасындағы ақпаратты тексеріңіз. Зақымдануды болдырмау үшін температураны таңдау өндірушінің ұсыныстарына сәйкес келуі керек. "Темп." батырмасын баса отырып, қажетті мәнді таңдаңыз.

Кейінге қалдырылған бастау

Кір жууды аяқтау үшін таймерді орнатыңыз (24 сағатқа дейін). Функция бағдарлама аяқталуы керек аралықты орнатуға мүмкіндік береді. Құрылғы кір жуудың басталу уақытын автоматты түрде есептейді.



3



«Отл. старт» батырмасын басыңыз. Дисплейде уақыт мәні пайда болады (мысалы,"8h").
«Отл. старт» батырмасын ұстап тұрып, бағдарлама аяқталғанға дейінгі аралықты таңдаңыз (24 сағатқа дейін).

- **Бағдарлама аяқталғанға дейін таңдалған аралықты көру үшін "Отл. старт" батырмасын басыңыз.**



- **Баптауларды қалпына келтіру үшін "Өшіру" түймесін басыңыз. Барлық орнатылған параметрлер жойылады.**



Ескерту:



Кейінге қалдырылған бастау функциясы іске қосылғаннан кейін, бұғаттау және кейінге қалдырылған бастау индикаторларынан басқа барлық индикаторлар сөнеді.




Бағдарлама баптауларын өзгерту (жалғасы)

- Кірді сұрыптап, барабанға салыңыз (21 бет).
- Жуғыш затты қосыңыз (26 бет).

1  Құрылғыны қосыңыз.

2  Бағдарламаны таңдаңыз (32-33 бб.).

3 **Қажет болса, бағдарлама баптауларын өзгертіңіз.**



- Қолжетімді параметрлер және баптаулар диапазондары таңдалған бағдарламаға байланысты болады (32-33 бб.)
- Қолжетімді болмаған опцияны таңдаған кезде дабыл естіледі.

4  "Бастау" батырмасын басыңыз.

Blue Ag+

Бактерияларды жою функциясы. Кірдің қосымша гигиеналық өңделуін қамтамасыз етеді. Бактерияларды жою функциясы шаю кезеңдерінде белсендіріледі.

Blue Ag+

Жуу ▶ Шаю ▶ Blue Ag+ ▶ Қосымша шаю ▶ Blue Ag+ ▶ Сығу

3



Функцияны іске қосу үшін Blue AG + батырмасын басыңыз. Индикатор жанады.

- Blue Ag+ кассетасы 300-350 кір жуу циклiне арналған (аптасына 1 рет қолданғанда шамамен 7 жыл). Ішіндегісі азайған кезде кассетаны ауыстыру керек.

Blue Ag+ кассетасын ауыстыру туралы ескерту:

- Кір жуу машинасы қосылған кезде Ag+ индикаторы жыпылықтай бастайды.
- Blue Ag+ құралының жеткіліксіз мөлшері бірінші рет анықталған кезде, кір жуу машинасы шамамен 10 секундқа созылатын дыбыстық дабыл қосады және Blue Ag+ индикаторы жыпылықтайды.
- Қайта қосылған кезде құрылғы дыбыс дабылынсыз Blue Ag+ индикаторының жыпылықтауымен ғана хабарлайды.

Замена кассеты Blue Ag+:

- Ауыстыру үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Blue Ag+ кассетасы болмаған кезде, немесе оның ресурсы аяқталғаннан кейін кір жуу бактерияға қарсы өңдеу функциясынсыз әдеттегі режимде жалғасады. Ag+ индикаторы жанбайды.

Ескерту:

- Циклдегі суды басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз (ішу, тамақ дайындау).
- Өңдеу тиімділігі мыналарға байланысты болуы мүмкін:
  - мата түрі,
  - қолданылатын жуғыш зат пен кондиционер,
  - судың кермектігі.
- Егер денеде қышу, терінің тітіркенуі немесе басқа қолайсыздықтар пайда болса, функцияны қолдануды тоқтатыңыз.

Құрылғының баптауларын өзгерту

Балалардан бұғаттауды орнату

Балалардан бұғаттау функциясы балалардың құрылғыны кездейсоқ пайдалануына жол бермейді: есікті ашу және құрылғы жұмыс істеп тұрғанда баптауларды өзгерту.
Балалардың кір жуғыш машинаның жанында ойнауына немесе оны қараусыз пайдалануына жол бермеңіз.
Функцияны қосу үшін:

1  Кір жуу машинасын қосыңыз.

2 

«Уровень воды» батырмасын 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 дыбыстық дабыл естіледі.
- Дисплейде  индикаторлары жанып, CL деген жазу пайда болады.
- Басқару элементтері бұғатталады.

■ Бұғаттауды өшіру үшін:

«Уровень воды» батырмасын 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 4 дыбыстық дабыл естіледі.
- Индикаторлар сөнеді.
- Балалардан бұғаттау функциясы өшірілген.

Дыбыстық дабылды өшіру

Бағдарлама аяқталғаннан кейін естілетін дабылды өшіруіңізге болады.

1  Құрылғыны қосыңыз.

2 


(Программа) батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 дыбыстық дабыл естіледі.

■ Дыбыстық дабылды қосу үшін:
(Программа) батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
4 дыбыстық дабыл естіледі.


Күтім және қызмет көрсету

Су беру сүзгісі

Егер сіз судың баяу немесе біркелкі келмейтінін байқасаңыз, онда су беру сүзгісі бітеліп қалған болуы мүмкін. Бұл жағдайда сүзгіні тазалау процедурасын орындау қажет.



1



- Тазалауды бастау алдында барабанның бос екеніне және судың ағызылғанына көз жеткізіңіз.
- Су беру шүмегін жабыңыз.

2



Құрылғыны қосыңыз.

3



«Быстро 25» бағдарламасын таңдаңыз.


4



Бағдарламаны 1 минутқа іске қосыңыз, содан кейін құрылғыны өшіріңіз.


Күтім және қызмет көрсету
(жалғасы)

5




Су беру шлангын ағытыңыз:
- Жалғастырғыш сомынды (1) сағат тіліне қарсы бұрап, шлангты келтеқосқыштан(2) алыңыз.

6




Су беру сүзгісін алып тастаңыз:
- Сүзгіні келтеқосқыштан абайлап алыңыз.

7




Сүзгіні тазалаңыз:
- Сүзгі торынан ластануды жұмсақ щеткамен алып тастаңыз (жинақта жоқ).

8



Сүзгіні орнына орнатыңыз:
- Сүзгіні қайтадан келтеқосқышқа салыңыз.

9




Су беру шлангын қосыңыз:
- Шлангты келтеқосқышқа (1) тығыз қосылысты қамтамасыз ететіндей етіп кигізіңіз, содан кейін сағат тілі бойынша жалғастырғыш сомынды (2) герметикалықты жасау үшін тірелгенше тартыңыз. Суды қосқаннан кейін оның ағып кетпеуін тексеріңіз.

Ағызу сүзгісін тазалау

Сүзгіні тазалау алдында суды толығымен барабаннан ағызыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ




Абайлаңыз!
Су өте ыстық болуы мүмкін.

1




Кір жуу машинасын өшіріңіз.

2




Ағызу сүзгісінің қақпағын ашыңыз.

3



Суды ағызу үшін ыңғайлы сыйымдылықты қойыңыз, суды ағызу шлангын алып , оны сыйымдылыққа қарай бағыттаңыз.

4



Шланг ұшынан бітеуішті шешіп, суды сыйымдылыққа төгіңіз.

- Бұл жүйеден қалған суды шығару үшін қажет.

Күтім және қызмет көрсету
(жалғасы)


5



Судың толығымен сыйымдылыққа аққаннын күтіңіз.

- Қажет болса (егер сыйымдылық мөлшері жеткіліксіз болса), ағызу шлангының ұшын бітеуішпен жауып, сыйымдылықтағы сұйықтықты ағызыңыз.


6



Суға арналған сыйымдылықты алмай, ағызу сүзгісін сағат тіліне қарсы бұрап ашыңыз.

- Сүзгіні шешкенде су қалдықтары ағуы мүмкін.

7




1. Ағызу сүзгісін шығарып шешіңіз.
2. Сүзгіні орнату орнын тексеріңіз және тазалаңыз.


- Сүзгіні кірден тазалаңыз.
- Бөліктің ішінде қоқыстың қалмағанына көз жеткізіңіз.

8 Ағызу сүзгісін орнату


1 **2**




3 **4**



1. Ағызу сүзгісін орнына орнатып қойыңыз.
2. Сүзгіні сағат тілімен қатайғанша бұраңыз.
3. Шлангке бітеуішті орнатыңыз және шлангты бөлікке салыңыз.
4. Ағызу сүзгісінің қақпағын жабыңыз.





Құрылғы күтімі



Кір жуу машинасының корпусын үнемі жұмсақ дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Қажет болса бейтарап жуғыш заттың әлсіз ерітіндісін қолданыңыз


Есік тығыздағышы





Әрбір кір жуудан кейін (ұсынылады):
- Тығыздағыштан кір мен бөгде заттарды алып тастаңыз.
- Тығыздағышты жұмсақ дымқыл шүберекпен абайлап сүртіңіз.
- Қажет болса бейтарап жуғыш заттың әлсіз ерітіндісін қолданыңыз.
- Иістің пайда болуын болдырмау үшін тығыздағышты жұмсақ шүберекпенқұрғатыңыз.

Ескерту:




- Кір жуғыш машинаға су шашпаңыз.
- Құрылғыны күтім жасау үшін абразивті тазартқыштарды, еріткіштерді немесе құрамында алкоголь немесе парафин бар өнімдерді пайдаланбаңыз.

Күтім және қызмет көрсету
(жалғасы)

Жуғыш зат бөлігін тазалау


Жуғыш зат бөлігін жүйелі түрде тазаламау, оның бетіндегі тұнбаның пайда болуына әкеледі.
Жуғыш зат жиналған жерлерде зең пайда болуы мүмкін.

1




Жуғыш заттар бөлігін (1) ашыңыз . Бекіткішті ұстап тұрып (2) , бөлкті өзіне қарай тартыңыз (1,3) .

2




Ысырмаларды (1) босатып, кондиционер бөлігінің қақпағын (2) алыңыз.

3




Барлық бөлшектерді ағынды су астында шайыңыз.

4



Қақпақты орнына орнатыңыз.
- Су бөлшектерді орнатпаңыз.

5



Жуғыш заттар бөлігін орнына орнатыңыз.

Барабанды тазалау

Төменгі температурада жуу және сұйық жуғыш заттарды пайдалану кір жуғыш машинада микроағзалардың түзілуіне және жағымсыз иістің пайда болуына ықпал етуі мүмкін.


Құрылғының гигиенасын сақтау үшін барабанды айына кемінде бір рет тазалаңыз.

1



Су беру шүмегін ашыңыз.

2




Жуғыш заттар бөлігіне 200 мл хлор ағартқышын құйыңыз.

- Ағартқышты басқа құралдармен аралыстырмаңыз.

Маңызды!
Құрамында хлоры бар өнімдерді абайлап сақтықпен қолданыңыз. Қолданар алдында ағартқыш өндірушісінің нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз, және барлық қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.

3



Барабанның бос екендігіне көз жеткізіңіз (ішінде кір болмау керек) , және кір жуу машинасын қосыңыз.

4



"Өздігінен тазалау" бағдарламасын қосыңыз.




5





- "Бастау" батырмасын басыңыз. Бағдарламаның ұзақтығы-шамамен 3 сағ 36 мин.



Маңызды!
Құрамында хлоры бар құралдармен жұмыс істегенде қорғаныс қолғаптарын қолданыңыз.
Тазалау кезінде және одан кейін бөлмені желдетіңіз.


Ақаулықтарды іздеу және жою

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Кір жуу машинасы	**Басқару панелінің батырмалары басу кезінде жауап бермейді.** 	☐ Бағдарлама қазірдің өзінде қосулы. • Шаюды бастағаннан кейін бағдарламаны өзгерту қажет болса, құрылғыны өшіріп, қайта іске қосыңыз. ☐ Балаларға арналған бұғаттау қосулы болуы мүмкін (42 бет). • Бұл режимде тек қуат батырмасы жұмыс істейді.
	Кір жуу машинасы іске қосылмайды. 	☐ Қуат көзі өшірулі. • Қуат ашасының розеткаға қойылғанын тексеріңіз. • Тарату қалқанындағы автоматты ажыратқыштың қосылғанын және дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. ☐ Таймер қосулы. Төмендегілерге көз жеткізіңіз: • Есік тығыз жабылуы тиіс. • Су беру шүмегі ашық. • Мәселе сақталса, ашаны розеткадан суырып тастаңыз, 30 секунд тосыңыз және қайтадан қосыңыз. «Бастау» батырмасын басыңыз.
	Бөтен иіс бар. 	☐ Құрылғыны алғаш рет пайдаланған кезде, резеңке бөлшектердің болуына байланысты резеңке иісі шығуы мүмкін. • Қолданған кезде иіс біртіндеп жоғалады. • Егер иіс кетпесе, "Өзін-өзі тазарту" бағдарламасын іске қосыңыз (49 бет).


	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Кір жуу машинасы	**Есік ашылмайды**. 	☐ Кір жуу бағдарламасы орындалуда, есік бұғатталған (28-29 бб.) Мыналарды тексеріңіз: • Құрылғы ішіндегі су температурасы өте жоғары. • Су деңгейі рұқсат етілетін мәннен жоғары. • Балалардан бұғаттау" функциясы қосулы (42 бет). Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде есік қауіпсіздік мақсатында бұғатталады (жоғары температура немесе су деңгейі). • Егер бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде есікті ашу қажет болса: 1. Құрылғыны өшіріңіз. 2. Құрылғыны қайта қосыңыз. 3. "Сығу" бағдарламасын таңдаңыз (38 бет). 4. Сығу аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз. Ескерту: Қуат өшірілген кезде есік бұғатталған түрінде қалады. Қуат қалпына келтірілгеннен кейін бұғаттау бағдарлама аяқталғанға дейін немесе температура мен су деңгейі төмендегенге дейін сақталады.
Кір жуу	**Кір жуу кезінде су ағызылады**. 	☐ Көбіктің шамадан тыс мөлшері пайда болды. • Көбік анықтау функциясы іске қосылды және құрылғы суды автоматты түрде ағызады. • Содан кейін көбікті кетіру үшін қосымша су береді. 

Ақаулықтарды іздеу және жою
(жалғасы)

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Шаю/Сығу	**Сығу кезінде бағдарлама кідіртіледі және барабан бірнеше рет айналады.** 	☐ Барабандағы кірдің әркелкі таралуы. • Машина сығуды тоқтатады және жуылатын бұйымдарды қайта бөлу үшін барабанды екі жаққа бірнеше рет айналдырады. ☐ Кір тым жеңіл (мысалы, бір жейде немесе ұсақ киімдер) • Балансты жақсарту үшін 1-2 түкті сүлгіні қосыңыз.
	Кірді жуғаннан кейін есіктің ішкі бетінде немесе оның тығыздағышында су немесе көбік қалады. 	☐ Цикл аяқталғаннан кейін, құрылғының ішінде (есік тығыздағышында немесе барабанда) аздап су немесе көбік қалуы мүмкін. • Бұл ақаулық емес. • Кірді шығару алдында есіктің ішкі жағын және тығыздағышты жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
Кір жуғыш зат және көбіктену	**Жуғаннан кейін жуғыш заттың тұнбасы қалады.** 	☐ Ұнтақты құрал тікелей барабанға төгілді. • Жуғыш зат үшін бөлікті пайдаланыңыз (26 бет). • Кір жуғыш затты тікелей барабанға қоспаңыз. • Қажет болса қосымша шаюды орындаңыз.

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Кір жуғыш зат және көбіктену	 Көбік-тену	☐ Көбіктену дәрежесі судың кермектігіне, оның температурасына және барабан-дағы су деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.
	Көбік пайда болмайды немесе көбік аз. 	☐ Жуғыш зат жеткіліксіз немесе дұрыс салынбаған. • Ұнтақты жуғыш затты тікелей барабанға салмаңыз. • Міндетті түрде жуғыш зат бөлігін пайда-ланыңыз (26 бет). ☐ Көбіктүзгіштігі төмен құралдарды пайда-лану ☐ Кірдің қатты ластануы ☐ Кірдің көп мөлшері
	Көбіктің шамадан көп мөлшері. 	☐ Жуғыш зат тым көп қосылды. ☐ Жоғары көбік түзгіш құрал пайдаланыл-ды.
Кір жуу	**Кір сарғайып кетті.** 	☐ Бағдарлама матаның бұл түрі үшін дұрыс таңдалмады. • "Blue AG+" функциясын өшіріңіз (егер қосулы болса) • Ақ кірге сәйкес келетін бағдарламаны таңдаңыз. • Қажет болса матаның түріне сәйкес келетін ағартқышты қосыңыз. • Кір жуу температурасын 60°C орнатып қойыңыз.

Ақаулықтарды іздеу және жою
(жалғасы)

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Уақыт	**Дисплейде көрсетілетін бағдарламаның қалған уақыты өзгермейді**.	☐ Көрсетілетін уақыт автоматты түрде реттеледі және қосылуы немесе азайтылуы мүмкін. • Баптаулар өзгерген кезде уақыт қайта есептеледі. • Сығу кезінде, егер кір біркелкі бөлінбеген болса, құрылғы айналу санын көбейтеді, бұл сығу уақытын ұзартады
Шу	**Суды ағызу кезінде шу естіледі**. 	☐ Су төгетін сорғы жұмыс істейді. • Бұл ақаулық емес. • Шу барабаннан суды шығаратын ағызу сорғысының жұмысы нәтижесінде пайда болады.
	Ерекше шу (діріл) пайда болды. 	☐ Барабанға бөгде заттар түсті (мысалы, металл заттар). ☐ Тасымалдау бұрандамалары шешілмеді. • 12 бетті қара. ☐ Құрылғы тегіс емес бетке орнатылған. ☐ Аяқтары реттелмеген. • 14 бетті қара.
Басқа	**Қуат өшірілген кезде кір жуу бағдарламасы тоқтайды**.  	☐ Қуат қалпына келтірілген соң бағдарлама автоматты түрде қалпына келмейді. • Қуат көзін қосыңыз және баңдарламаны қайта іске қосыңыз.

Қателер дисплейі

Қате коды	Тексеру әрекеттері
U11 **Суды ағызу мүмкін емес.**	1. Тексеріңіз: - Ағызу шлангысы суға батырылмағанын, бітелмегенін немесе майыспағанын. - Ағызу сүзгісінің бітелмегенін (45 бет). 2. Ақаулықтың себебін жойғаннан кейін, есікті ашып жабыңыз. 3. Жұмысты жалғастыру үшін "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз. *Егер судың жоғары деңгейіне байланысты есік ашылмаса, құрылғыны өшіріңіз, содан кейін оны қайта қосып, қайта іске қосыңыз.*
U12 **Есік ашық.**	Құрылғының есігін жауып, "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз.
U13 **Сығу мүмкін емес.**	1. Тексеріңіз: - Кірдің барабанның ішінде біркелкі таралғанын. - Құрылғының тегіс және орнықты жерде орнатылғанын. - Барабанға тым көп кірдің салынбағанын, қажет болса, кейбір заттарды алып тастау арқылы мөлшерін азайтыңыз. - Барабандағы кір мөлшері тым аз болмау керек, қажет болса, кірді теңестіру үшін 1-2 сүлгі немесе бірнеше киім салып қосыңыз. 2. Ақаулық себебін жойғаннан кейін құрылғының есігін ашып, оны жабыңыз. 3. Жұмысты жалғастыру үшін "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз.
U14 **Сумен жабдықтау жоқ.**	1. Тексеріңіз: - Су беруде іркілістің жоқтығын. - Сұқұбыр шүмегінің ашықтығын. - Кіріс клапанындағы сүзгі торының бітелгенін (44 бет). 2. Ақаулық себебін жойғаннан кейін құрылғының есігін ашып, оны жабыңыз. 3. Жұмысты жалғастыру үшін "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз.
U17 **Шамадан тыс көбік түзілуіне байланысты айналдыру мүмкін емес.**	1. Құрылғыны өшіріңіз, содан кейін қайта қосыңыз. 2. "Быстро 25" бағдарламасын іске қосыңыз. 3. Болашақта көбіктүзгіштігі төмен жуғыш затты қолданыңыз.
H□□	1. Сұқұбыр шүмегін жабыңыз. 2. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. 3. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз және қате кодын хабарлаңыз.


Қосымша ақпарат

Басқа құжаттарда өзгесі көзделмесе, төменде келтірілген ережелерді ұстаныңыз.
1. Құрылғыны қатты тегіс бетке орнатыңыз.
2. Құрғақ, жабық жерде сақтаңыз.
3. Тасымалдау кезінде лақтырмау, сілкіндірмей алып жүру немесе басқа заттарға соғып алмау.
4. Ұлттық және/немесе жергілікті заңдарға сәйкес кәдеге жарату.

Өткізу ережелері мен шарттары өндірушімен белгіленбеген және тауар өткізілетін елдің ұлттық және/немесе жергілікті заңнамасына сай келуі тиіс.

Бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда, осы бұйым үшін өндіруші белгілеген қызмет мерзімі өндіріс күнінен бастап 7 **жылға тең.**

Ескерту:
Өнімнің жапсырмасындағы сериялық нөмір (құрылғының артқы жағында) өндірілген күні туралы ақпаратты қамтиды.
Сериялық нөмірдегі әрбір таңбаның мәні:



* соңғы 2 саны, мысалы, 25 үшін 2025, 26 үшін 2026 және т. б.
** 1 -Қаңтар, 2-Ақпан, ...,O – Қазан, N – Қараша, D – Желтоқсан.

Техникалық сипаттамалары

	NA-21CER1
Номиналды кернеу (В)	220-240~
Номиналды жиілік (Гц)	50
Номиналды тұтынылатын қуат (Вт)	1 700
Максималды сығу жылдамдығы (айн / мин)	1 200
Габариттік өлшемдері (ЕхТхБ) (мм)	596X575X845
Таза салмағы (кг)	65
Құрғақ кірдің максималды жүктелімі (кг)	10,5
Суқұбыр судың қысымы (МПа)	0,03-1
Ылғалдан қорғау дәрежесі	IPX4

Panasonic компаниясының ақпараттық орталықтары

Қазақстан

Телефоны:	+ 7 (727) 330-88-07 – Алматыдан телефон соғу үшін 8-800-0-809-809-Қазақстан шегіндегі жергілікті ұялы операторлардың қалалық және ұялы телефондарынан тегін хабарласу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Пошталық мекенжайы:	050010, Алматы қ., Достық даңғылы 192, 3-қабат.
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Қырғызстан

Телефоны:	00-800-0101-0021-Қырғызстан шегінде қалалық және ұялы телефондардан тегін хабарласу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Пошталық мекенжайы:	050010, Алматы қ., Достық даңғылы 192, 3-қабат.
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Ресей

Телефоны:	+ 7 (495) 665-42-05 – Мәскеуден қоңырау соғу үшін 8 (800) 200-21-00 – Ресейге тегін қоңырау соғу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Беларусь

Телефоны:	8 (820) 007-1-21-00 Беларусь Республикасы ішінде тегін қоңырау соғу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

ӨНІМДІ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

Кір жуғыш машина "Panasonic", NA-21CER1, NA-25CEW1, NA-21CER1BKZ, NA-21CER1WKZ, NA-25CEW1BKZ, NA-25CEW1WKZ үлгілері ТР ТС 004/2011, ТР ТС 020/2011, ТР ЕАЭС 037/2016 талаптарына сай келеді

Сертификаттау органы:	СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ЖШС «КАЗЭКСПОАУДИТ» 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 113, 1 кеңсе
Сертификат :	ЕАЭС KZ.7500361.01.01.11207
Сертификаттың берілген күні :	03.02.2026
Сертификаттың жарамдылық мерзімі :	02.02.2031

Декларант:	ЖШС «Панасоник Рус» Ресей, 115191, Мәскеу қ., қ. іш. аумағы, Даниловский муниципалдық округі, Холодильный тұйық к-сі, 3-үй, 1-корпус, 3-құрылыс
Сәйкестік туралы декларация:	ЕАЭС N RU Д-JP.PA01.B.62508/26
Декларацияның тіркелген күні:	05.02.2026
Декларация дейін жарамды:	04.02.2031

Өндіруші:
Панасоник Корпорэйшн 1006, Оаза Кадома, Кадома-ши, Осака, 571-8501 Жапония

Қытайда жасалған

Panasonic

WARRANTY CARD №

(гарантийный талон; кепілдік талоны)

Model name (номер модели; моделі №)	**Purchase date** (дата покупки; сатып алған күн)	
Serial number (серийный номер; сериялық нөмір)	**Customer name, phone number and signature** (ФИО, телефон и подпись покупателя; аты-жөні телефон сатып алушыны қолы)	
Retailer address (Название и адрес продавца; сатушы мекеменің атауы және заңдық мекен-жайы)	**Retailer signature** (подпись продавца; сатушының қолы)	**Retailer stamp** (печать продавца; сатушы мекеменің мөрі)

Panasonic Corporation

Жөндеу кестесі / Таблица ремонтов

Жөндеу № № ремонта	Қабылданған күні, Дата поступления	Берілген күні Дата выдачи	Сервистік орталықтың атауы Название сервисного центра	Орындалған жұмыстар Выполненные работы

Қазақстанға арналған кепілдік шарттары

Panasonic Corporation Қазақстан және Қырғызстан аумағына жеткізілетін кір жуу машиналарына, кептіргіш машиналарына және кір жуу-кептіру машиналарына 2 (екі) жыл кепілдік береді.

Бұл кепілдік өндірушілер тарапынан тұтынушылардың конституциялық және өзге де құқықтарына қосымша түрде беріледі және оларды ешбір жағдайда да шектей алмайды. Кепілдік тауар сапасыз материалдан жасалған немесе құрастыру кезіндегі ақауларға байланысты жарамсыз болып танылған жағдайда күшіне енеді:

1. Кепілдік, Қазақстан аумағында қолдануға арналған және эксплуатация, техникалық стандарттар немесе қауіпсіздік талаптарының нұсқауларына с әйкес, қатал түрде қолданылған жағдайда ғана тауарларға таралады. Қазақстан аумағында қолдануға арналған модельдер тізімі www.panasonic.com сайтында көрсетілген.
2. Аталып отырған кепілдік, ондағы ақаулар өрттен, найзағайдан немесе басқа да табиғи құбылыстардың әсерінен туындаған жағдайда, құрылғы ішіне сұйықтық түскенде, механикалық ақау кезінде, дұрыс емес қолданғанда, яғни пайдалану нұсқауында көрсетілген шартқа сай емес қорек көздерін қосқан кезде, кернеу тұрақсыздығы, қорек көзін немесе кіріс кернеуін дұрыс емес немесе шектен тыс қолданғанда; құралға тыс заттар мен жәндіктердің кіріп кетуі, сонымен қатар салғырт қарау кезінде; жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары, бұндай қызмет түрлеріне рұқсат етілген сертификаты жоқ адаммен істелген болса, сонымен қатар инсталляция, адаптация, модификация немесе эксплуатацияның техникалық шарттар мен қауіпсіздік талаптары орындалмаған жағдайда жарамсыз болады.
3. Егер кепілдік берілген мерзім аралығында, тауардың бір бөлігі не басқа бір бөлшектері тауарды өндіруші жеткізбеген немесе бекітілмеген қосалқы бөлшектермен ауыстырылған болса, сондай-ақ, бұл жұмыс қанағаттанғысыз түрде жасалса, не олар тауарға с әйкес келмесе, онда тұтынушы бұл кепілдік бойынша төлем алу құқығынан, өтеу құқығынан айырылады.
4. Аталып отырған кепілдік, бағдарламалық қамтамасыздандыруға, өңдеу бөлшектері мен корпусқа, шамдарға, батарея мен аккумуляторға, байланыс кабельдеріне, қорғаныш экрандарына, қолдану мерзімдері шектелген щетка және басқа да бұйымдарға таратылмайды.
5. Сатып алынған тауарды монтаждау/инсталляциялау/орнату немесе демонтаждау/деинсталляциялау бойынша жұмыстардың құны осы кепілдік қызмет көрсету аясында орындалатын жұмыстар тізбесіне кірмейді және кепілдік міндеттемелеріне енгізілмейді.

Техниканы орнату және қосу

Сатып алынған құрылғыларды орнату үшін және техниканы жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік беретін, қажетті жұмыстарды жүргізетін Сервис орталығы мамандарының ақылы қызмет көрсетуіне жүгінуіңізге болады.
Аталған кепілдік міндеттері Қазақстан аумағында Panasonic Авторизацияланған Сервис Орталықтарымен іске асады.
Қазақстандағы және Panasonic Авторизацияланған Сервис Орталықтарындағы сервистік қызмет көрсетуі туралы ақпарат Panasonic Ақпараттық Орталығында 8-800-0-809-809 телефонымен — Қазақстаннан тегін қоңырау шалу және www.panasonic.com сайтында қол жетімді. Қазақстан Республикасындағы өнімнің сапасына байланысты наразылықтарды қабылдауға өкілетті ұйым: ЖШС «Панасоник Рус» Алматы қ. Филиалы Қазақстан, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3 қабат.

Өндіруші	Panasonic Corporation 1006, Oaza Kadoma, Kadoma-shi, Osaka 571-8501, Japan

Panasonic Corporation
https://www.panasonic.com
© Panasonic Appliances Washing Machine (Hangzhou) Co.,Ltd. 2026
Қытайда жасалған
Қытайда басып шығарылған
02-2026